ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

15 қаңтар 2024 жыл №2713-23-00-2/2949 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Кадырова
сот отырысының хатшысы М.Мусағалидің қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Орал қаласының Круглоозерный кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SK BASI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
Прокурор Д.Нурсултанова,
талапкер өкілдері М.Х.Сахасов, А.Н.Жумагалиев,
жауапкер өкілі А.А.Иркубаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Орал қаласының Круглоозерный кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тапсырыс беруші, талап қоюшы) және «SK BASI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – орындаушы, жауапкер) арасында 2023 жылғы 25 қыркүйек күні № 60 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі - шарт).

Шарт талаптарына сәйкес, шартқа қол қойылғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде жауапкер Круглоозерный кентінде арық жүйелеріне арналған науаларды орнату жұмыстарын орындауды міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы - 13 980 108,80 теңге.

Жауапкер шартта көрсетілген мерзімде міндеттерін орындамаған.

Талап қоюшы жауапкердің шартта көзделген міндеттерін уақытында орындамағанын атап көрсетіп өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 2023 жылғы 26 қазаннан бастап 2024 жылғы 9 қаңтарға дейін кешіктірілген мерзімді есепке алып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Жауапкердің пікіріне сәйкес, жұмыстар 80% көлемінде орындалған, бірақ ауа-райы жағдайына байланысты жұмыстар тоқтатылған, осыған орай талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды немесе бітімгершілік келісім жасауды өтінген.

Талап қоюшының өкілдері сот отырысында талаптарын қолдап, қанағаттандыруын сұрады, және орындалған жұмыстар жауапкермен актілер негізінде тапсырылмағанын және шарт ұзартылуға жатпайтынын, сондықтан бітімгершілік келісім жасауға мүмкіншілік жоқ екендігін айтып қосты.

Жауапкер өкілі қарсы пікірінде көрсетілген негізідерімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 616-бабына сәйкес, мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 22.01.2024

жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот жауапкердің шартпен көзделген жұмыстарды орындамағанын, сол себептен жауапкер тарапынан шарт талаптары бұзылғанын анықтады.

Жұмыстар шартпен қарастырылған мерзімде және қазіргі кезге дейін де орындалмаған.

Жауапкер шартты орындамаудың дәлелді себептерін растайтын құжаттарды сотқа табыс еткен жоқ.

Жауапкердің жұмыстар орындалды деген уәждері дәлелін тапқан жоқ, себебі орындалған жұмыстарды тапсыру-қабылдау туралы актілер жоқ екендігі анықталды.

АК-нің 2 бабының 2 тармағына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті.

Және АК-нің 380, 382 баптары бойынша азаматтар және заңды тұлғалар шарт жасасуға ерікті. Осы Кодексте, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүр етуге жол берілмейді.

Тиісті шарттың мазмұны, заңдармен жазылған жағдайлардан басқасында, шарт ережелері тараптардың өз қалауы бойынша белгіленеді.

Осыған орай, шарт жауапкермен өз еркімен жасалған, сондықтан шарт талаптары тиісті түрде орындалуы қажет.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

№ 2 талабы бойынша

АК-нің 293-бабы бойынша борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шартының 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 22.01.2024

2713-23-3-1/3247

айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы 2023 жылғы 26 қазаннан бастап 2024 жылғы 9 қаңтарға дейін кешіктірілген мерзімді есепке алып, 1 034 528,05 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын арызында көрсеткен.

Алайда, шарттың 9.1 тармағы бойынша, шарт 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

АК-нің 386 бабының 3,4 тармақтарына сай, егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтырады.

Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы тараптарды осы мерзім біткенге дейін орын алып келген шартты бұзғандық үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Осыған орай, тұрақсыздық айыптың мөлшері шарттың мерзімі біткенге дейін есептелуі тиіс, сондықтан кешіктірілген 66 күн үшін есептелген тұрақсыздық айыптың сомасы 922 687,26 теңге құрайды, яғни талапкердің екінші талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы өндірілуі тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

«SK BASI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SK BASI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 922 687,26 (тоғыз жүз жиырма екі мың алты жүз сексен жеті теңге жиырма алты тиын) мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбы және 29 527 (жиырма тоғыз мың бес жүз жиырма жеті) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырылусыз қалдырылсын.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 22.01.2024

2713-23-3-1/3247

берілуі мүмкін.

Судья **Кадырова А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 22.01.2024

2713-23-3-1/3247